

«West Dala» ЖШС корпоративтік басылымы

WEST DALA NEWS

НӨМІРДЕ:

«AMANAT»
КОМПАНИЯ
ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕ

2 бет

ЕЛОРДАДАҒЫ КӨШЕ
НҰРЛАН БАЛҒЫМБАЕВТЫҢ
ҚҰРМЕТІНЕ АТАЛДЫ

3 бет

КЛИМАТТЫҚ
АМБИЦИЯЛАР
АКСЕЛЕРАТОРЫНА ҚАТЫСУ

4 бет

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ
КЕМ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ

5 бет

БАЛАЛАРҒА
МЕРЕКЕ СЫЙЛАДЫ

6 бет

ҚҰТТЫҚТАУ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ ДОСТАР!

Келе жатқан Жаңа жылмен құттықтауымызды қабыл алыңыздар!

Өткен 2024 жыл маңызды оқиғаларға, жетістіктерге және жаңа шақыруларға толы болды. Біз қалдықтарды басқару нарығында көшбасшылықты сақтап қалуды жалғастырып келе жатқанымызды мақтан тұтамыз. Биылғы жылы серіктестерімізбен бірге біз мұнай және өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеу бойынша күрделі жобаларды табысты жүзеге асырып, жоғары құзыреттілік пен кәсібилігімізді көрсете білдік.

Біздің жұмысымызда ESG-трансформация ерекше орын алады: біз орнықты даму бағытында елеулі қадамдар жасадық және экологиялық және әлеуметтік құндылықтарға деген адалдығымызды көрсететін жаңа есеп дайындадық. Атырау облысындағы су тасқыны кезінде біздің команда көмекке келуге дайын екендіктерін көрсетті. Біз қоғамға қолдау көрсету миссиясының маңызды бөлігі болып табылатын әлеуметтік бағдарланған компания болып қала береміз.

Баршаңызға сіңірген еңбектеріңіз, көңілдеріңіз және ортақ жетістіктерімізге қосқан үлестеріңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін. Біздің алдымызда одан да өр міндеттер мен өсу мүмкіндіктері бар.

Алдағы жыл сіздерге амандық пен жаңа табыстар әкелсін! Отбасыларыңызға денсаулық, бақыт және жылулық тілеймін!

Ізгі тілектермен,

Салахаденов Қ.Ш.

«West Dala» ЖШС Бас директоры



МЕРЕКЕ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН!



Қазақстан Республикасының басты ұлттық мерекесі - Тәуелсіздік алуды, сондай-ақ тәуелсіздікке елеулі үлес қосқан ұлттық батырларды еске алу күнін бейнелейді. Барлық қазақстандықтар тәуелсіздікті нығайтуға және елдің дамуына үлес

қосуға бағытталған тарихи маңызды реформалар мен қайта құрулардың куәсі болып отыр. Баршаңызды Қазақстанның Тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз, республикамызға және оның барлық тұрғындарына өркендеу тілейміз!

КҮНІ

ТЕҢІЗДЕ МҰНАЙДЫҢ АШЫЛҒАНЫНА 45 ЖЫЛ

Биыл бірегей Теңіз кен орнында мұнай ашылғанына 45 жыл толған маңызды күн аталып өтілуде. «West Dala» ЖШС компаниясы кен орнын ашу мен игерудің бастауында тұрған Теңіз ардагерлеріне ерекше алғысын білдіреді. Жанқиярлық еңбек, білім

және кәсібилік бүгінде бүкіл ел мақтан тұтатын табысқа негіз болды. Олардың арқасында Теңіз әлемдегі ең ірі және маңызды мұнай жобаларының біріне айналды. Бұл айтулы күн Теңізді табыс пен прогрестің символына айналдырған

бірліктің, шеберліктің және іске берілгендіктің күші ретінде таныта берсін. ТШО қызметкерлерін және Теңізде еңбек ететін барлық мердігер компанияларды құттықтаймыз! Сіздерге сәттілік пен өркендеу тілейміз!

САПАРЛАР

«АМАНАТ» КОМПАНИЯ ОБЪЕКТИЛЕРІНДЕ

2024 жылғы 25 қарашада «АМАНАТ» партиясы Атырау облыстық филиалының өңірлік экологиялық кеңесінің өкілдері, Атырау облысының Экология департаменті мен табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасының басшылығымен бірлесіп «West Dala» ЖШС Қалдықтарды басқару кешенін (ҚБК) және Қалдықтарды өңдеу және орналастыруға арналған кешенді полигонын (ҚӨЖОКП) аралады.

Экскурсия барысында біздің екі нысандағы жұмысшыларымыз қалдықтар мен ағынды суларды өңдеудің жабдықтары мен әдістерін көрсетті. Атап айтқанда, экологтар мен мемлекеттік органдардың өкілдері ҚӨЖОКП-ға келген кезде барлық экологиялық талаптарды ескере отырып әзірленген, қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды көмуге арналған карталарды көрді. Делегация мүшелері ағынды суларды тазартудың толық циклінің үдерісімен және микробиоремедиация әдісімен — мұнаймен ластанған топырақты тазартудың және биопрепараттарды пайдалана отырып мұнай және бұрғылау шламдарын өңдеудің инновациялық тәсілімен танысты.



* * *

2024 жылғы 28 қарашада «Қошанай» Қалдықтармен жұмыс жасау кешеніне (ҚЖК) «АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы Таңғұл Қайрат Боқанұлы және Түпқараған аудандық мәслихатының төрағасы Нұғманов Айсағали келді. ҚЖК аумағын аралау кезінде Компания мамандары қалдықтарды экологиялық қауіпсіз жоғары температурада залалсыздандыруға арналған инсинератордың жұмысын көрсетті. Сондай-ақ, қонақтарға шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды қабылдау және қайта өңдеуге арналған тазарту құрылыстарының кешені (ТҚК) және тазартылған сарқынды суларды

жинақтаушы тоған да көрсетілді. Сонымен қатар, мамандар мұнай және бұрғылау қалдықтарын термиялық өңдеу үшін қолданылатын қондырғысының жұмыс технологиясын түсіндірді. Қонақтар әртүрлі түрдегі қалдықтарды қабылдауға, сұрыптауға, өңдеуге, көмуге және залалсыздандыруға арналған кешен учаскелерімен танысты. Сапар қорытындысы бойынша қонақтар Қошанай ҚЖК жұмысын жоғары бағалады. Қоғам өкілдері мен мемлекеттік органдар өкілдерінің сапарлары «West Dala» ЖШС-не арналған Компаниядағы қалдықтарды кешенді басқару үшін қолданылатын экологиялық қауіпсіз технологияларды көрсету үшін өте маңызды.



ЕСКЕ АЛУ

ЕЛОРДАДАҒЫ КӨШЕ НҰРЛАН БАЛҒЫМБАЕВТЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ АТАЛДЫ



20 қарашада Астанада мемлекет және қоғам қайраткері Нұрлан Балғымбаевтың құрметіне көше мен мемориалдық тақтаның салтанатты ашылуы өтті.

Көшенің ашылу салтанатына Астана әкімдігінің, Энергетика Министрлігінің өкілдері, мұнай-газ саласының ардагерлері, ел зиялылары, көрнекті қайраткердің отбасы мен туыстары қатысты.

Көшенің ашылуында бірінші болып сөз сөйлеген ҚР Энергетика вице-министрі Әлібек Жамауов Нұрлан Балғымбаевтың тәуелсіз

Қазақстанның дамуына қосқан зор үлесін атап өтті. Балғымбаев мырза мұнай саласын көтеруге және дамытуға, соның ішінде жергілікті кадрларды даярлауға, заманауи технологияларды енгізу арқылы мұнай-газ кен орындарын барлауға, көптеген кәсіпорындарды игеруге, ашуға, соның ішінде мұнай қалдықтарын басқаруға бағытталған үлкен жұмыстарды атқарды. Қатысушылар Нұрлан Балғымбаев бүкіл саналы ғұмырын елдің игілігі мен Қазақстанның мұнай-газ саласын дамытуға арнағанын атап өтті.

РИЗАШЫЛЫҚ

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕГІ КӨРСЕТКЕН КӨМЕГІ ҮШІН

Атырау облысындағы көктемгі су тасқыны өңірдің барлық тұрғындары үшін сын-тегеурін болды. Төтенше жағдай ешкімді бей-жай қалдырмады: көптеген қазақстандық компаниялар, соның ішінде «West Dala» ЖШС де мемлекетке табиғи апаттың салдарын жоюға көмектесті. Атырау қаласы мен жақын маңдағы

аудандарды су басу қаупі өткеннен кейін, ТШО компаниясы облыстық Әкімдіктің қолдауымен су тасқынына қарсы күресте барынша жәрдемдескен және қолдан келгенше көмек көрсеткен бизнес-серіктестерді марапаттады. Атап айтқанда, «West Dala» ЖШС қызметкерлері Жылыой ауданының Құлсары қаласында,

Атырау қаласында және қалаға іргелес аумақтарда су тасқынына қарсы іс-шараларға қатысты. Компания барлық көмек пен техниканы ақысыз негізде бөлді. ТШО Бас директоры Кевин Лайонның қолы қойылған алғыс Сертификатында компанияның еңбегі атап өтілді: «Персонал мен жергілікті халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарған уақытылы әрекет ету, шынайы берілгендік және кешенді тәсіл үшін бизнестің үздіксіздігіне және ресурстар мен инфрақұрылымды қорғауға ықпал етті. Сіздердің кәсіби тәлімдеріңіз бен адалдықтарыңыз, ТШО өзінің іскери серіктестерінде бағалайтын ынтымақтастық қатынастарының үлгісі болып табылады. Су тасқынына қарсы күресте біздің бастамаларымызға белсенді көмек көрсеткендеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз». Біз ТШО компаниясына осындай жоғары баға бергені үшін алғыс айтамыз және Атырау облысын қолдауға бағытталған ортақ мақсаттарға қол жеткізу жолында әріптестікке адалдығымызды білдіреміз.



МАРАПАТ

ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН



Қараша айында ККЖ жобасының 3GP объектісінде учаскенің үйлестірушісі Қабдолов Саламат ТШО-ның алғыс хатымен және қола медальмен марапатталды.

Бұл марапат — күшті қауіпсіз еңбек мәдениетін дамытуға қосқан зор үлесін мойындау болып табылады. ТШО сертификатында атап өтілгендей, Қабдолов Саламат ықтимал тәуекелдер мен оқиғаларды үнемі анықтап, сондай-ақ қажетті

шараларды қабылдау үшін ақпаратты басшылыққа жедел жеткізіп, жауапкершіліктің жоғары деңгейін көрсетеді. Оның белсенді ұстанымы мен клиент пен ВР басшылығы арасында тиімді өзара әрекеттесуді орнату қабілетінің арқасында команданың жұмысы одан да қауіпсіз және нәтижелі болады. Кәсіпқойлық пен адалдықтың үлгісі болып табылатын әріптесіміз Қабдолов Саламатты құттықтаймыз!

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

КЛИМАТТЫҚ АМБИЦИЯЛАР АКСЕЛЕРАТОРЫНА ҚАТЫСУ

13 желтоқсанда БҰҰ Жаһандық шартының Қазақстандағы БҰҰ бөлімшесімен серіктестігі аясында Климаттық амбициялар Акселераторы бағдарламасының қорытындысы шығарылды. West Dala компаниясынан оқытуға экологтар Айнагүл Сариева және Светлана Сатанова қатысты. Бағдарламаның елшісі Корпоративтік даму жөніндегі директор Диас Хабиев болды. Бағдарлама бизнес өкілдеріне тұрақты даму туралы білімдерін тереңдетуге көмектесті және жаңа бастамаларды іске асыруға шабыттандырды. Іс-шарада БҰҰ Бас Ассамблеясының және COP29 Климаттық конференциясының қорытындылары талқыланды. Бұл оқиғалар тұрақты

даму мақсаттарына жету үшін күш жігерді шоғырландыру қажеттілігін көрсетеді.

Естеріңізге сала кетейік, «West Dala» компаниясы 2023 жылғы шілдеде БҰҰ-ның жаһандық шартына қосылды және тұрақты болашаққа ықпал ететін бағдарламаларға белсенді қатысады.



ДАМУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЕСЕП

Қараша айында корпоративтік сайтта «West Dala» ЖШС бизнесі туралы маңызды мәліметтерді, соның ішінде еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті, персоналды басқаруды, қоршаған ортаны қорғауды және басқа да тақырыптарды көрсететін 2023 жылғы орнықты даму жөніндегі

есебі орналастырылды. Есептегі кейбір фактілер мынандай:

- 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша жұмысшылар саны - 1 142 адам. 100% ұжымдық шартпен қамтылған
- Қызметкерлер санының жалпы құрамының 21% - ы 30 жасқа дейінгі

жас санатына жатады. Ер адамдар жұмысшылардың жалпы санының 80,3% - ын құрайды, бұл қызметтің ерекшелігіне байланысты.

- Компания 2023 жылы табиғатты қорғау іс шараларын іске асыруға 31 млн теңге бөлді.

ҚАУІПСІЗДІК

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ҚЕМ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ

Ақтауда «West Dala» ЖШС компаниясының жоғары басшылығының қатысуымен көшпелі жұмыс кеңесі өтті, онда «Қошанай» ҚЖК, «Өзен» ҚЖК және Баутино жобасының жыл қорытындылары мен өндірістік жоспарлары талқыланды. Сапар аясында 2024 жылдың 3–4 тоқсанының қорытындысы бойынша қауіпсіз еңбек мәдениетін дамытуға қосқан үлесіне арналған салтанатты рәсім өткізілді. Жүргізушілер – жол қозғалысы қауіпсіздігі ережелерін мінсіз сақтағаны үшін, сондай-ақ жұмыс орындарында қауіпсіздік деңгейін арттыруға көмектескен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша бақылау парақтарын ұсынғаны үшін назардан тыс қалмады. Жалпы, Маңғыстау өңірі бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау желісі бойынша компания мен мердігер ұйымдардың 32 қызметкері ерекшеленді, олар Құрмет грамоталарымен және көтермелеу естелік сыйлықтарымен марапатталды:

- «Қошанай» ҚЖК-де 22 қызметкер марапатталды;
- Баутино жобасында 4 қызметкер марапатталды;
- «Өзен» ҚЖК-де 6 қызметкер марапатталды.

Қайрат Шаменұлы Салахаденов, «West Dala» ЖШС Бас директоры: «Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау ережелерінің талаптарын сақтау-бұл жай ғана ереже емес, өмірді сақтайтын міндетті мәдениет. Қауіпсіздікке үлес қосатын әрбір қызметкер бүкіл компанияның ортақ игілігі үшін жұмыс істейді. Компанияның ең басты құндылығы компания қызметкерлерінің және мердігерлік ұйымдардың өмірі мен денсаулығы болып табылады. Қауіпсіз еңбек мәдениетінің негізгі қағидаты мен міндеті: «Өмір мен денсаулықты қорғау. Барлығы үйге аман есен оралуы керек» болып табылады. Бүгінгі таңда компания жұмыс уақытын жоғалтпай, 658 күн жарақатсыз жұмыс істеді. Енді біз 1000 күнге қол жеткізуіміз керек. Менің ойымша, бұл қол жетімді: кез келген оқиғаның алдын алуға

болады». Қайрат Шаменұлы сондай-ақ «Қошанай» ҚЖК, «Өзен» ҚЖК және Баутино жобасының барлық қызметкерлеріне нысандардың дамуына қосқан үлесі үшін алғыс айтып, олардың біздің компанияның жалпы құрылымындағы маңыздылығы мен мәнділігін атап өтті, сонымен қатар барлығын келе жатқан Жаңа жылмен құттықтады: «2025 жыл жемісті және қауіпсіз жыл болсын! Сіздерге және сіздердің отбастарыңызға бақыт, жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!», - деді ол.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

БАЛАЛАРҒА МЕРЕКЕ СЫЙЛАДЫ

Жаңа жыл қарсаңында West Dala компаниясының өкілдері өздерінің жақсы дәстүрлерін тағы да қолдады - аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жаңа жылдық ертеңгіліктерге мерекемен құттықтап, сыйлықтар табыстады. Әсем шырша, қызықты жаңа жылдық

қойылым, қуанышты күлкі мен сиқырлы атмосфера Атырау қаласының «Мүгедек балаларды қолдау қорында», сондай-ақ Мақат, Махамбет, Қызылқоға аудандарында және Алмалы және Береке а.о. мерекелерді ұмытылмас етті. Ең жағымды тосынсый - жаңа жылдық рюкзактарға оралған тәтті сыйлықтар

болды. Биыл біздің сыйлықтарымызды 394 бала алды. Біз балаларға жылулық, қуаныш және ғажайыптарға сену сыйлағанымызға қуаныштымыз! Осы жақсылық жолын бізбен бөліскендердің барлығына алғыс айтамыз. Жаңа жыл барлығына жарқын сәттер мен әлемді жақсартуға мүмкіндік берсін!

